



Автор: Кожан Жанат Ықыласқызы

Пән: Өзін-өзі тану

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Адам болам десеңіз

Тақырып: Қарым - қатынас әліппесі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Мақсаты: оқушыларға адами қарым-қатынас жасау әліппесі туралы түсінік бере отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу. Міндеттері: 1. Білімділік: Оқушыларға айналадағы бәрін жақсы көрудің маңыздылығын түсіндіру. 2. Дамытушылық: Оқушылар бойындағы бауырмалдық қасиеттерін дамыту. 3. Тәрбиелік: Оқушыларды татулыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты:	Мақсаты: оқушыларға адами қарым-қатынас жасау әліппесі туралы түсінік бере отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу. Міндеттері: 1. Білімділік: Оқушыларға айналадағы бәрін жақсы көрудің маңыздылығын түсіндіру. 2. Дамытушылық: Оқушылар бойындағы бауырмалдық қасиеттерін дамыту. 3. Тәрбиелік: Оқушыларды татулыққа тәрбиелеу.
Тілдік мақсаттар:	Мақсаты: оқушыларға адами қарым-қатынас жасау әліппесі туралы түсінік бере отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу. Міндеттері: 1. Білімділік: Оқушыларға айналадағы бәрін жақсы көрудің маңыздылығын түсіндіру. 2. Дамытушылық: Оқушылар бойындағы бауырмалдық қасиеттерін дамыту. 3. Тәрбиелік: Оқушыларды татулыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже:	1. Ұйымдастыру кезеңі. 5Т – ережесі: 1. Тәртіп. 2. Талап. 3. Тыныштық. 4. Тазалық. 5. Татулық. Балалар ережені есімізге түсіріп, сыныптың тәртібін сақтап, оқып - білуге талаптанып, тыныштықты орнатып, тазалықты сақтап, бүгінгі күнімізді татулықпен өткізейік.
Бағалау критерийлері:	2. Үй тапсырмасын тексеру. №19 – сабақ. «Мейірімнің күші» мәтінін үлкендердің көмегімен оқып келу. Сұрақтар: 1. Адамдардың бақытсыздықтан құтылуының сыры неде? 2. Жақсылық қалай жалғасын табады. 3. Өзгелердің жақсылығы мен мейірімін қалай сезінесіңдер?
Құндылықтарды дарыту:	Құндылығы: Сүйіспеншілік
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Қасиеттері: бәрін жақсы көру; бауырмалдық; татулық.
Пәнаралық байланыс:	3. Сабақтың дәйексөзі. (Бірінші ұл балалар қайталайды, кейін қыз балалар қайталап оқиды) Жақсылықтан жақсылық туады. Мақал. Сұрақтар: 1. Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?
Бастапқы білім:	4. Оқиға айту (Мұғалім сыйы). Кірпіш С. Жүнісов Қаланың күнгей жақ шеті қашаннан құлазып, бос жатушы еді. Ол тұста жазды күні мал жайылатын, балалар асыр аслып, доп ойнайтын. Ал қысты күні әппақ қар басып, алай-түлей боран түтеп тұратын. Бірлі-жарым бейсауат өткен ат-шаналы жүргіншілер мен шаңғы тепкен балалардың айқыш-ұйқыш іздері ғана жататын. Өткен жазда осы араға дүбірлетіп көп құрылысшы келді. Аспанмен тұтасқан тырна мойын жүк көтергіш қрандар пайда болды. Көп ұзамай зәулім биік үйлер сап түзей бастады. Бұл ара Сәулелер тұратын ескі ағаш үйден онша қашық еместі. Бірде Сәуле терезеден осылай қарап тұрды да: – Әке, анау үлкен-үлкен үйлер кімдікі? – деп сұрады. – Ол үйлерді бізге салып жатыр. Біткен соң, осындағы кішкентай үйлерде тұратындар сонда көшеді, – деді әкесі. – Ой, әке! Шын айтасың ба? – Шын айтам. – Розаның, Мараттың үйлері де көше ме? – Көшеді, әрине. Сәуле содан былай күн сайын әлгі биік үйлердің қасына келіп, қашан бітер екен деп, ынтығып бақылап тұратын болды. Бір күні Сәуле есік алдында ойнап жүр еді, қасынан үлкен бір жүк машинасы өтіп бара жатты. Үстінде үйме етіп тиеген кірпіші бар. Бір кезде машина арықтан өте беріп еді, сақыр-сұқыр етіп теңселді де, бір кірпіш жерге түсіп қалды. Мұны көрген Сәуле қол бұлғап, айқай салды. Бірақ шофер естімеді. Аялдамастан кете барды. Сәуле жүгіріп келіп, түсіп қалған кірпішті көтеріп алды да, машина соңынан жүгірді. Ол ентігіп, алқынып, құрылыс басына келді. Арада бір сағаттай уақыт өткенде әлгі кірпіш қабаты еңсесін көтеріп, жылдам биіктеп бара жатқан үлкен үйдің қабырғасынан өзіне құтты орын тауып, игілікке асты. Сұрақтар: 1. Сәуленің құрылысқа сүйіспеншілікпен қарауының себебі неде? 2. Сәуленің әрекетінен оның бойындағы қандай құндылықтар мен қасиеттерді байқауға болады? 3. Жақсы іске өз үлесінді қосу дегенді қалай түсінесіңдер? 4. Сендер жақсы істер жасаған кезде қандай сезімде боласыңдар? Әңгімелеп беріңдер.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (28.01.2020)	5. Шығармашылық іс - әрекет, топтық тапсырма. Оқушылар үш топқа бөлінеді. Тапсырма: Сахналау. I-топ: Көшеде достармен сөйлесу әдебі II-топ: Дастархан басында үлкендермен сөйлесу әдебі III -топ: Көшедегі бейтаныс адамдармен сөйлесу әдебі	
Сабақтың ортасы (28.01.2020)	6. Топпен ән айту. «Көңілді күн» 1. Теріп едік жемісін сезім бақтың, Сыйластықтың алауын өзің жақтың. Сенің думан тойыңның әнін естіп, Есігіңді шыдамай өзім қақтым. Қайырмасы: Бүгін қандай тамаша Көңілді күн 3-рет Сені қуанышыңмен құттықтаймын Бақытты бол, жан досым! 2. Бір тамаша отырдың өмірге еніп, Жүзің бал бұл жадырап көңілденіп. Есігіңнен мен кіріп келгенімде Қуандың ау балаша мені көріп. Қайырмасы: Бүгін қандай тамаша Көңілді күн 3-рет Сені қуанышыңмен құттықтаймын Бақытты бол, жан досым!	
Сабақтың соңы (28.01.2020)	7. Үйге тапсырма. №20 – сабақ. «Ақылды соқыр» мәтінін үлкендердің көмегімен оқып келу.	
Рефлексия (28.01.2020)	рефлексия	